

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№39
(961)

Бейсенбі, 22 қыркүйек 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы
2003 жыл

№13. 28.03.2003 ж. «Көп балалы аналарға құрмет». Наурыз мейрамының қарсаңында аудан әкімшіятында «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналарға құрмет жасалыды. Үш ана, үш түрлі тағдыр. Олардың бәрі де балаларымен, немерелерімен бақытты.

Аудан әкімі аналарға «Күміс алқаларын» табыс етті, «Келешек» қайырымдылық қорының директоры Гүлмира Әбілқайырова бағалы сыйлықтар мен гүл шоқтарын табыс етті.

№13. 28.03.2003 ж. «Қазақстан Біз бейбітшілік пен бақытты тілейміз». Ұлыс күні Саумалкөл орталық алаңы халыққа толы болды. Алаңға сөгіз үй тігілді.

Аудан әкімі Армия Әбілқайыров, Володар селолық округінің әкімі Әділтай Байманов, Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әлімжан Наймантаев, Володар селолық ардагерлер кеңесінің төрағасы Владимир Калганов, аудандық мешіттің имамы Серік Құрманбаев және тағы басқа селонның құрметті адамдары жиналғандар мен қонақтарды көктеммен, бейбітшілік пен ізгіліктің, мейірімділіктің мерекесімен құттықтады.

«Айыртау таңы» газеті. 2003 ж.

Мемлекеттік бағдарламалар іс жүзінде

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесіне ерекше мән берілуі бүгінгі таңда құрметі көп мәселелердің айқын шешілуіне жол ашқаны белгілі.

Сонымен қатар Н.Ә.Назарбаев жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында да жұмыстың бәрі халықтың жағдайын жақсарту үшін жасалуда екенін баса айтып өтіп, Үкіметке бірқатар тапсырмалар берген болатын. Сондай-ақ, Президент халықты жұмыспен қамту мәселесіне де көңіл бөлуде. Елбасы мемлекет алдында тұрған негізгі – халықтың өмір сүру деңгейін арттыру екендігін атап өтіп, кәсіпкерлікті кеңінен дамыту мақсатында тиісті бағдарламаларды одан әрі дамытуды, жүзеге асыруды және қолдау құралдарын жетілдіруді тапсырды.

«Үкімет бүгінде шағын несие беру аясын одан әрі кеңейту жөнінде шаралар қабылдауы тиіс. Өзін өзі жұмыспен қамтитындардың 60 пайызы ауылда тұрады. Осыған байланысты, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында біз 5 өңірде қанатқақты режимде «Ауылдағы жұмыс орны» жаңа жобасын іске асыруды бастадық. Оған 10 млрд теңге бөлінді. Бұл жұмысты жүргізу барысында кооперацияларды дамыту ісіне айрықша көңіл бөлу қажет. Тиісті «Кооперациялар туралы» Заң қабылданды. Енді жер-жерлерде үлкен ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстары күтіп тұр. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, елді мекендерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу және қайта өңдеуді қамтамасыз ететін кооперативтер ұйымдастыру жөніндегі шаралар қабылдауды тапсырамын», - деді Н.Назарбаев.

Еңбек етіп, сол еңбектің зейнетін көріп, өз кәсіптерін ашып, жұмыстарын дөңгелентіп жатқан жандар біздің ауданымызда да жетіп артылады. Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Раушан Тлеубаеваның айтуынша, «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 2016 жылдың қыркүйектегі мәліметі негізінде ауданның 19 тұрғынына 51 миллион теңге көлемінде шағын несиелер берілген.

Аудан тұрғындарымен алынған несиелер негізінен кәсіпкерлігін кеңейту, мал, құс шаруашылықтарын дамыту, демалыс орындарың, тігін ісі мен ағаш өңдеу цехтарын ашу мақсатында жұмсалған.

Атап айтар болсақ, Айыртау ауылының тұрғыны Роза Ақышева Шалқар көлі маңынан демалыс орнын ашуға 3 млн. теңге, саумалкөлдік Зәмзагүл Байманова тігін ісі бизнесін дамыту мақсатында 2 млн. теңге, Сулықөл ауылының тұрғыны Құралай Қабақатова 3 млн. теңгеге ірі қарамен қоса қаз және үйрек сатып алған.

Жалпы ауданның Шоқарағай, Кирилловка, Новоукраинка, Шүкірлік, Константиновка, Қарақамыс, Арықбалық, Бірлестік, Имантау елді-мекендерінің тұрғындары аталмыш бағдарлама арқылы өз кәсіптерін дөңгелетуде.

Несие алуға қазір мүмкіндік мол. Міне, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының 2-ші бағыты бойынша жүріп жатқан осындай игі істер көңіл қуантады. Өз кәсіптерін енді бастап жатқан кәсіпкерлерге халық үшін істеп жатқан жұмыстарыңыздың игілігін көріңіздер демекпіз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

20 қыркүйекте Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Онда негізінен ауданның әлеуметтік саладағы нысандарына жататын тұрғын үй секторларының жылыту маусымына әзірлігі және Айыртау ауданындағы ветеринарлық жетістіктер туралы, тұрғындарға жануарлардан тарайтын адам денсаулығына қауіпті вирустардың таралуын ескерту шаралары сөз болды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Айыртау ауданы әкімдігінің «СҚО Айыртау ауданы Володар селолық округі әкіміне үміткерлердің сайлаушылармен кездесу ұйымдастыратын және үгіт-насихат материалдарын басып шығаруға орындар анықтау туралы» қаулысы қаралды.

Отырыс қорытындысында ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Манарбек Шеменовтің, ауданның ветеринария бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрбай Оспановтың, ауданның ветеринария станциясының басшысы Болат Жүсіповтың ақпараттары тыңдалды.

Кеңес мүшелері тыңдалған ақпараттар бойынша әлі аяқталмаған жұмыстарды толық бітіру үшін ұсыныстар айтып, мерзімдерін анықтады.

Өз хабарымыз.

25 қыркүйек – Еңбек күні

ЕҢБЕК КҮНІ – ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ



Қазақстанның кәсіби және өзге мерекелер тізімі жаңа мереке – Еңбек күнімен толықты. Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының соңы жексенбісі Еңбек күні болып жарияланғаны белгілі.

Биыл бұл мереке үшінші рет тойланғалы отыр.

Бұл мейрам еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін

арттыруға, өндірістік қызметтерді ынталандыруға, жұмысшы мамандықтарды насихаттау мен көпжылдық еңбек дәстүрлерін нығайтуға бағытталған. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру шеңберіндегі өндірістің еңбекті күшейтуге және жастар арасында жұмысшы кәсібіне деген қызығушылықты арттыру, нығайту болып табылады. Сонымен қатар, жұртшылықты еңбек ұжымдарының тыныс-тіршілігімен таныстырып, озаттары мен үздіктерінің ізгі жолын, еңбек әулеттерінің өнегелі қырларын көпке үлгі ету, сол арқылы адамдарды еңбекке баулып, ынтасын арттыру көзделген.

Еңбек адамы

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Бүгінгі күні тәуелсіздіктің көк туы желбіреп, талай игі бастамаларымен айдай әлемді тамсандырған азат еліміз жыл санап өсіп-өркендеп, олқылықтардың орнын артығымен толтырып жатыр. Айталық, алағашқы жылдары тоқырауға ұшыраған жергілікті кәсіпкерлеріміз, шаруа қожалықтарымыз бүгінде біраз қор жинап, тындырымды тірліктер атқарып, еңселерін тіктей түсті. Біз бүгінде екінші деңгейдегі банктен несие алу арқылы өз кәсібін дөңгелетіп отырған «Шукенов» жеке кәсіпкерлігінің басшысы, еңбекқор саумалкөлдік Зейфолла Шукенов жөнінде әңгіме қозғауды жөн көрдік.



Зейфолла Шукенов өмір бойы адал ниетімен, ісімен Володар темір жол станциясында қызмет етіп келеді. Темір жол саласында 20 жылдан астам уақыт еңбектеніп келе жатқан Зейфолла Бапанұлы өз үйінің жанынан дөңгелек жөндеу шеберханасын ашып, шаруасын дөңгелетуде.

Бүгінгі дамыған заманда автокөліктің түр-түрін көруге болады. Осыған орай автокөліктерге қызмет көрсететін орындар да ашылууда. Өткенді еске түсірер болсақ, автокөлік жөндеу бекеттерін тек қаладан көретінбіз. Ал ауылда дөңгелек жөндеу шеберханасын көру қиынға соғатын. Көліктің «тілі мен ішек-бауырын» түсінетін азаматтар үйінің жанындағы гараждарынан

оны-мұнысын жөндеп алатын. Ал қазір ауылдық жерлерде де сервистік қызмет көрсету орталықтары ашылып, көлік иелерінің көзі ашылды. Мамандар ақысына қарай темір тұлпарлардың ақауын лезде тауып беретін жағдайға жетті. Бұл орында автокөлік дөңгелегіне түрлі қызмет көрсетіледі. Дөңгелекті ашып-жабу, босатып алу, үрлеу секілді жұмыстар жаңа үлгідегі құрылғылармен жасалады. Сонымен қатар дөңгелек камераларын желімдеу, қысымын өлшеу қызметі де бар.

– Күннен күнге көліктердің саны артып келеді. Ауылдың ішінде қанша көлік барын санамалаудың өзі артық. Көліктердің дөңгелектерін жөндеу халық үшін бірден-бір қажет деп есептеймін, – дейді жеке кәсіпкер Зейфолла Бапанұлы.

– Автокөліктердің дөңгелектерін жөндеуде Виктор Герфурттың еңбегі зор. Тұтынушылардан ешқандай ескерту алып көрген емес. Бұл жұмыстар екінің бірінің қолынан келе бермейді, – дейді Зекең бізбен әңгімесінде.

Жеке кәсіпкер өз кәсібін ашу арқылы өзінен басқа бір адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр. Болашақта шеберханасын ұлғайтуды көздеген Зейфолла қосымша жұмыс орындарының ашылатынын да жеткізді.

Талабы зор кәсіпкер ағамыздың кәсібі алға жүрер болса, осы жерге көлігіміздің ақауын жөндеуге, дөңгелек камераларын желімдеуге, қысымын өлшеуге талай келерміз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Абаттандыру

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНЫЛГІ ӨТТІ

Өткен сенбі, 17 қыркүйекте еліміз бойынша қарттар мен мүгедектерді қолдау айлығы аясында қайырымдылық сенбілігі ұйымдастырылды. Аталмыш шараға ауданның еңбек ұжымдары да бір адамдай атсалысты.



Осы күні ауданның мемлекеттік мекемелері мен аудан ұйымдарының қызметкерлері күннің бұлыңғырлығына қарамастан аудан орталығындағы мекемелер мен тұрғын секторларының маңайлары тазартылып, ықшам ауданындағы қалпына келтіріліп жатқан 80 пәтерлі жатақхана маңындағы ағаш бұтақтары мен қоқыстарды сыртқа шығарып, маңайларын абаттандырды.

Сонымен қатар орталық аудандық аурухананың қызметкерлері өз мекемелерінің маңын қалпына келтірді.

Сенбілік барысында түскен қаржы Қарттар мен мүгедектерді қолдау айлығындағы қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға жұмсалатын болады.

Өз хабарымыз.
Суретті түсірген
Ирина БУРКОВСКАЯ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ұлттық Банкінің Солтүстік Қазақстан филиалы 2016 жылғы 3 қазаннан бастап 2006 жылғы үлгідегі 2000, 5000, 10 000 теңге номиналындағы купюралар төлемге қабылданбайтын болады.

Айналымнан шығарылатын банкнотта «Астана-Байтерек» монументі және ашық алақан бейнеленген.

Барлық банктер 2017 жылғы 3 қазанға дейін ескі купюраларды қабылдап, ауыстырады, ал ауыстырулар 2017 жылдың 4 қазанынан бастап 2020 жылғы 3 қазанға дейін тек Ұлттық Банктің филиалында ғана жүзеге асырылатын болады.

Анықтама телефондары: (7152) 46-98-92, 46-50-34.

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

АРДАГЕРЛЕР – САЙЫС АЛАҢЫНДА



Қыркүйектің 15 күні №1 Саумалкөл орта мектебінде аудандық Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай аудан ардагерлерінің арасында тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат сынды зияткерлік ойындарының сайысы болып өтті. Сайысқа Антоновка, Арықбалық, Володар, Гусакровка, Елецкий, Имантау, Казанка, Қамсақты, Қаратал, Сырымбет және Украин сынды

11 округтен барлығы 19 ардагер қатысып, жүлделі орындарды өзара сарапқа салды.



Сайысқа қатысуға өтінім білдіріп, белсенділік танытқан әрбір ардагерге алғысын білдіріп, ағалар салған сара жол мен солар жүріп өткен даңғылда біздің ардагерлердің еңбек еткені, олардың маңдай тері мен қолының табы ел азаттығының аяулы бір бөлшегі болып қалатындығын аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров үлкен тебіреніспен жеткізді. Және де осы сайыстың әр спорт түрінен жеңімпаз деп танылған ардагерлер 28 қыркүйекте облыс орталығында болатын осы сайыстың облыстық кезеңінде аудан намысын қорғайтын болады.

Сайыстың бас төрешісі Денис Оберемко сайысқа қатысушыларға сайыстың шарттарын түсіндіре келе, дойбы мен шахмат швейцарлық жүйемен ойналатынын ескертіп, спортшыларды жеребе арқылы жұптастырды.

Сайыс қорытындысы бойынша халқымыздың ұлттық ойындарының зияткері болып саналатын тоғызқұмалақ ойынында Қамсақты ауылдық округінің тұрғыны Зипа Тұнғатарова бірінші орын иеленіп, облысқа жолдама алса, екінші орын сырымбеттік Мереке Бейсенбаевқа бұйырды.

Ерлер арасында дойбышыларға жүлделі 6 орын табыс етілді. Атап айтар болсақ, 6 орыннан Борис Гайдаренко (Саумалкөл), 5 орыннан Айтжан Оразақов (Саумалкөл), 4 орыннан Жатыбай Бралин (Қамсақты) көрінсе, жүлделі 3 орын Темірболат Төлегеновке (Украин) бұйырды. Ал 2 орынды Мұрат Жансарин (Гусакровка) қанағат тұтса, 1 орынды тәжірибелі дойбышы Сапар Мұқатаев (Елецкий) жеңіп алды.

Ал дойбыдан әйелдер арасында Бақытжан Жүсіпова (Имантау) 2 орынды жеңіп алса, 1 орын Қараталдан келген дойбышы Күләш Бердалинаньың қанжығасына байланды.

Шахматтан ерлер арасында Ю.Гучин (Антоновка) 1 орын тұғырына көтерілсе, 2 орын Б.Тоғайбаевқа (Елецкий), 3 орын А.Жанахметовке (Саумалкөл), 4 орын Б.Смағұловқа (Антоновка), 5 орын Б.Ахметовке (Арықбалық), 6 орын Б.Дүйсенбековке (Саумалкөл), 7 орын П.Петровқа (Саумалкөл) бұйырды.

Шахматтан әйелдер арасында Казанка тұрғыны Наталия Мальцева 1 орынмен марапатталса, 2 орын имантаулық Анна Лорионоваға бұйырды.

Барлық жеңімпаздар мен жарысқа қатысушылар аудандық ардагерлер кеңесінің арнайы дипломдарымен, медальдармен және ақшалай сыйлығымен марапатталды.

Жеңімпаздар алдында бұдан да үлкен сын – облыста аудан намысын қорғау міндеті тұр. Ардагерлерімізге алдағы ел намысы сынға түсетін жауапты бәсекеден биік беделмен оралсын деген ниетпен, қазыналы қарттарымызбен қоса біз де ақ тілегімізді бірге жолдаймыз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген Наталия ЕРЕМЕНКО.

Жастар мәселесі

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



15 қыркүйек күні «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында ауданның жастар бастамалары орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған тренинг өткізілді.

Тренингке №1 Саумалкөл мектебінің оқушылары қатысып, олар ұйымдастырушылардың талабымен 4 топқа бөліне отырып, қызықты, әрі танымдық «Кино-тест» жобасының сұрақтарына жауап берді.

Содан кейін олар орталық саябақта арнайы сызылып, жан-жағы жабылған тор көзді сызбаның ішінен сыртқа алып шығар жолды іздеу ойынын ойнады. Бұл сынақтың басты мақсаты балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, олардың қиын сынақтан қорықпай, дұрыс шешімді нық жасауда байыптылыққа баулиды.

Келесі сайыста балалар жұптасып, қолдарындағы ұзын жіпті пайдалана отырып, шеңбер ішіндегі үлкен ыдыстарға суды кішкентай ыдысқа құю шарттарын орындады. Мұндағы басты ерекшелік және қиындық – ол ешбір ыдысқа қолды тигізбей орындау. Және де сайыста оқушылардың бір-бірімен сөйлесуіне тыйым салынды. Бұл дегеніміз – қандай да бір тапсырманы орындау кезінде бір-біріне кедергі жасамай, әркімнің өз ішкі ойымен тілдесуіне мүмкіндік беру. Яғни, топтық жұмыс жасау барысында әрбір бала өзінің және жолдасының әрекеті мен шешіміне сыйластықпен қарау. Кімде қандай оңтайлы, тиімді шешім болса, сол арқылы жұмыс жасап, бірлесе тындырған істің жемісті болатынын көрсету.

Өзгеге қарапайым ғана болып көрінгенімен, орындау барысында жұдырықтау жұмылуды қажет ететін бұл тренинг ойындары тұлғалық болмысы қалыптасу кезеңіндегі әрбір оқушыға қажетті екені даусыз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істерінің Министірлік Департаменті «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау бөлімінде ашылуы туралы хабарлайды.

Мына сұрақтар бойынша азаматтарды қабылдау жүргізіледі:

- мемлекеттік қызмет ортасы;
- этикалық ережелерді сақтау;
- жемқорлыққа қарсы қызмет;
- сапалы-мемлекеттік қызмет көрсету

Мекенжай: Петропавл қаласы, Абай көшесі, 15, 6-кабинет («Нұр Отан» партиясы ғимаратында).

Қабылдау жұмыс күндері сағат 10.00-ден – 17.00-ге дейін.

Бейбітшілік пен жасампаздықтың 25 жылы

ЕЛМЕН БІРГЕ ЕСЕЙГЕН ҰЖЫМ



Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары әрбіріміз үшін теңдессіз қуаныш пен шаттыққа толы болды. Себебі, Тәуелсіз ел болу ата-бабалардан арман болған асыл ұғым еді. Сол жылдары еліміздің ахуалы да қайта құру дәуірінің біраз ауыртпашылығына душар болды. Көптеген халықтық-мәдени және әлеуметтік нысандар жаппай жабылып, жұмыс орындары тапшылыққа ұшырады. Халықтың күнкөрісіне де айтарлықтай өзгеріс енгізілді.

Десе де, ақтабан шұбырындыдан табаны ағарып дала кезген елдің ұрпақтары өтпелі бұл кезеңді де еңсере білді. Бір ұзім нәнге зар болған ата-бабалар рухының мықтылығының арқасында ұрпақтары да егемендікжылдары бір тілім нанды бөлісіп жеп, берекелі де, мерекелі осынау ширек ғасырлық елдік тойына абыроймен жетіп отырған жайы бар. Азаматтық қасиеті бар адамдардың төзімділігі мен өшпеген үміт сәулесінің арқасында аудан орталығында бүгінгі күнге дейін өз жұмысын жасап тұрған, сонымен бірге жыл сайын жандана отырып, жаңа жетістіктер парағын ашатын бір ұжым бар. Ол – «Колосок» балабақшасы.



Іргетасы 1980 жылдың тамызында қаланған аталмыш балабақша бүгінгі күні де ауданымыздың маңызды нысандарының бірі болып табылады. 36 жылдық тарихы бар аталмыш ұжымның мүшелері бірнеше рет жаңарып, жаңа мамандармен толығып отырған.

Қазіргі уақытта аталмыш ұжымды жоғары білімді, 10 жылдық тәжірибесі бар білікті маман – Жанагүл Ахметова басқарады. Балабақшада 28 педагогтың 5-ауы жоғары санатты болса, 5-еуі бірінші санатты, 13-і екінші санатты және біреуі «ҚазССР-нің халық ағарту ісінің үздігі». Бүлдіршін балапандар осындай білікті де, білімді, өз ісінің шеберлерінен тәлім-тәрбие ала отырып, мектеп атты білім өлеміне қанат қағады.

Бүгінде балабақшада жалпы 10 топ жұмыс жасауда. Оның бесәуі орыс тілінде болса, қалған 5 топ балаларды мемлекеттік тілде тәрбиелеп, оқытады. Тәрбиеленушілерге жоғары топтан бастап заманауи ағылшын тілі оқытылады. Екі қабатты ғимаратқа орналасқан ұжымда спорт залы мен музыка залы, патриоттық тәрбиелеу залы, қазақ, орыс және ағылшын тілдері кабинеттері, психолог, өзін-өзі тану және әдістемелік, медициналық кабинеттері жұмыс істейді.

Сәл кейінге шегініс жасасақ, еліміз егемендікке қол жеткізген 1991 жылы «Колосок» балабақшасы 7 топқа көбейтіліп, тәрбиеленушілер саны 180 жеткен. Ал 1991-2016 жылдар аралығында балабақшаны барлығы 800-ден аса тәрбиеленушілер тәмамдаған.

Қарапайым халықтың тұрмысына айтарлықтай ауыртпалық артқан тоқсаныншы жылдары аталмыш балабақшаның ахуалы қандай болғаны біз үшін де, оқырмандар үшін де қызықты екені анық.

Сол мақсатта осы балабақшаның 1981 жылдан бергі тәрбиеші Людмила Кравченкомен аз-кем тілдесіп, қандай жағдайда жұмыс жүргізілгеніне қызығушылық танытқан болатынымыз.

Людмила Иосифовнаның жадында қалған естеліктерден балабақша ұжымы үшін осы кезеңде көп нәрсенің жеңіп

болмағанын ұқтық. Алайда, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білетін ауызбіршілігі мықты ұжымның қандай да болмасын сынақтан сүрінбей өтетіні рас екен. Елдікке қол жеткізген 25 жыл ішінде және оған дейін де осы ұжымда қызмет етіп келе жатқан тәрбиешілер Надежда Баранова, Светлана Споквенко, Наталья Марухина және Людмила Кравченко, С.Бояркова, Р.Қошқарбаева, тәрбиешінің көмекшісі Г.Лукьяненко, аспаз С.Шаринова, қызметтік ғимараттың тазалықшысы И.Кудашкина «Колосоктың» жазылмаған тарихының куәгерлері екені шындық.

Бір адамның айлық еңбекақысын екі адам бөлісе отырып, түнгі кезекшілікке де келісіммен түскен жанармаймен жанатын «Рапида» пешінің орнатылуына орай көрген қиындықтарын еске түсіре отырып, егер сол уақытта аздаған қиындыққа шыдамай, қолды бір сілтеп, жан-жаққа тарап кеткенде, бүгінде осындай мықты ұжым болмас еді дейді.

Аталмыш балабақша ауданымызда 2005 жылға дейін мектепке дейінгі білім беруді жүзеге асыратын жалғыз мекеме болған.

2003 жылы мемлекеттік тілдегі алғашқы топ ашылған. 2008 жылы үш топ ашылса, оның екеуі қазақ топтары болған. 2009, 2011 жылдары төртінші және бесінші мемлекеттік тілде тәрбиелеп, оқытатын топтар ашылған.

Соңғы жылдары «Колосок» ұжымы халықаралық «ПОНИ» турнирінде бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдығын арттыруға бағытталған «Үркер» республикалық интеллектуалды марафонында да жүлдегер атанған. 2013 жылы «Мектепке дейінгі ұжымның үздік табиғат бұрышы» облыстық экологиялық байқауында «Үздік команда» аталымын «Мектепке дейінгі ұжымның үздік педагогы» облыстық байқауында «Өз ісінің шебері» аталымын жеңіп алған. Осы жылы «Қиял ұшқышы» байқауында екінші орын, «РУХ» психология және тұлғалық даму орталығының балалар жобасы байқауында жүлделі үш орынды иеленген. Бұдан да бөлек жетістікке толы балабақша қоржынында жиырмадан астам әдістемелік құралдар шығарылған.

2016 жылы Конституция күніне орай облыс әкімінің Құрмет грамотасымен осы ұжымның меңгерушісі Жанагүл Айтбайқызы марапатталды. Бұл грамота сәйкесінше, осы ұжымның еңбегінің бааланғаны, олардың тынымсыз жұмыстарына бірілген үздік баға деп қарауымызға да болатын шығар.

Мәдениет қызметкерлері күнінде аудан әкімінің Құрмет грамотасына балабақша хореографы Юлия Гордеева да ие болды.



Осындай марапат пен мақтауға лайық ұжымның бишілері Қазақстан халықтарының тілдері мерекесін тойлау күніне орай Петропавл қаласында өткен XVIII облыстық фестивалға қатысып келді.

Бүгінгі күнде ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жетіп отырған ұжымның мерейі үстем. 2002 жылы балабақша ұжымы аудан бойынша аумақты абаттандыруда бірінші орын алған.

2007 жылы ғимараттың жылыту жүйесіне күрделі жөндеу жүргізілсе, 2014 жылы шатырға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суреттер «Колосок» балабақшасының мұрағатынан

Игі істеріңізге алғысымыз шексіз

Қасиетті Құрбан айт күні жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының есігі таңнан кешке дейін ашық тұрды. Ертеден келе жатқан дәстүрді қастерлеп отырып, жақсы ниетпен, таза жүректен адамдар балаларды қуанту үшін тәттілермен, көкөністерімен қонаққа келіп, ұлттық тағамдар - бауырсақ, ет тағамдарын беріп, отбасылық жағдайда балалармен әңгімелесті. Басты құрбандық-қойдың еті, асханада дайындалып түсік ас және кешкі ас кезінде берілді.

Мектеп-интернатының ұстаздары тәрбиеленушілерді бұл қасиетті мерекенің салтымен әдет-ғұрпымен таныстырып, топ-отбасыларда әңгімелер жүргізіліп, қамқоршылармен кездесулер болды. Балалар жақсылықты бағалауды және оған алғыспен жауап беруді үйренді. «Арай» 1 топ-отбасына Құрбан айттың бірінші күні балаларға АІБ бастығының орынбасары А.Ә.Әшімов, көмекшісі жасқа толмағандар ісі бойынша бас инспектор О.Д.Оспанов, инспектор Б.А.Көкешпаева және басқа да қызметкерлер тәттілер алып келді. Бұл отбасыға Көкшетау қаласынан Төкеновтар жанұясы Марат пен Алмагүл балаларға сыйлықтар алып келді. «Жеңімпаздар» 2 топ-отбасысы С.Ж.Мейрамовтың жетекшілігімен толық құрамда салық басқармасының ұжымын қарсы алды. Бұл кездесуде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Е.К.Қазбеков және мешіт қызметшісі Г.Махметов бай дастархан үстінде балалармен кешті әсерлі өткізді.

Бұл күндерде мерекелік іс-шаралар топ-отбасыларында қызықты өтті. 6 топ-отбасы балалары тәрбиешілермен және қамқоршылармен үстел жайып, 5 топ-отбасыларын ұлттық тағамдардан ауыз тигіп, тәттілермен шай ішуге шақырды.

3 топ-отбасына Б.Т.Жандосовадан «Арлан» дүкенінен үлкен сыйлық келді. Ол балаларға спорт сабақтары үшін спорттық аяқ киімдер сыйлап, тәттілер әкелді. Басқа да отбасылар назарсыз қалмады. «Эль-Бриз» ЖШС кәсіпкері Н.В.Горбунова балалар үшін табиғи таза өнім 75 литр ара балын алып келді. Енді тәрбиеленушілер күн сайын тамаққа керекті өлшемде табиғи өнімді пайдалануда.

Сонымен қатар бұл тізімде біздің мектеп-интернатында болған қайырымды жандарды атап көрсеткіміз келеді: С.Р.Искашев, З.Е.Тұрғынбаева, О.У.Жазбаев, Б.Токсанов, А.М.Абилей, Р.З.Фатыхов, Т.К.Бейсенбаева, Әнуарбек пен Сәуле Қошқарбаевтар жанұясы, А.Қоспанова, Т.Ысмағұлов - Саумалкөл ауылы, Марат Мансур - Астана қаласы, Н.Қазбеков - Петропавл қаласы, Ш.Қожақова - Омск қаласы, Н.Көкешпаева - Ақан сері ауылы, Т.Жакишев, С.Маженов - Кириловка ауылы, Б.Молдахметова - Қоскөл ауылы, Б.Алькин - Каменный Брод ауылы, Д.Сүлейменов - Сырымбет ауылы.

Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының ұжымы мен әкімшілігі мемлекеттік ұйым және мекемелердің,бөлімшелердің қызметкерлеріне, аудан, облыс және басқа да аймақтағы тұрғындарға Құрбан айт күндері әкелген сыйлықтары мен мерекелік дастарханға шексіз алғыстарын білдіреді.

Құрметті достар! Біз ата-анасының махаббаты мен қамқорлығынан айырылған балаларға қайырымдылықпен көңіл бөлгендеріңізге алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз әрқашанда табысты болып, жемісін көре беріңіздер, ал сіздердің отбасыларыңызға молшылық, бейбітшілік тілейміз!

Айыртау мектеп-интернатының ұжымы.

Мұрағатта АЙЫРТАУДЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

20 қыркүйек күні Айыртау аудандық мұрағатында Саумалкөл қазақ орта мектебі жанындағы интернат оқушылары мен №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы оқушыларының қатысуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойына арналған «Жерлестеріміздің ерен еңбегі» атты іс-шара болып өтті.

Іс-шараның басында Айыртау аудандық мұрағаты директорының міндетін атқарушы Наурызбек Қабдешев оқушылар мен ұстаздарды еліміздің тарихындағы елеулі дата – Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, оларға оқу мен білімде табыс тіледі.

Арыстарды ұлықтауға арналған іс-шарада архивист Ұлан Құнанбаев оқушыларды туған өлкеміз – Айыртау даласының тарихымен таныстыра отырып, жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастырудағы Елбасы саясатының көрегендігін баяндай келе, Тұрлыбек Әбілпейісов, Күләш Бәкібаева, Сергей Ефимов, Антонина Кузоваткина, Александр Михедько, Ұлат Нұрсейітов сынды Айыртау елінің даңқты перзенттері жайлы мұрағаттың жеке қорындағы ақпараттармен таныстырды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1) тармақшасына, «Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдардағы жұмыскерлердің тізімдік санымен ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде

мүгедектер үшін Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жұмыс орындарының квотасы белгіленсін;

- елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

- жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

- екі жүз елуден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Айыртау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Азам ТАСТЕМІРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Маман кеңесі

ЭЛЕКТР СЫМДАРЫНЫҢ ӘЛЕГІ ТУРАЛЫ



Өртсөндірушілердің жұмыс барысында өзгелерге көмек көрсетуі барысында

өздерінің сақтық шараларын қатаң сақтап, өз қауіпсіздіктеріне де баса мән бергені жөн.

Қазіргі таңда тұрмыстық техникалар мен жұмыс орнындағы электр қуатына тәуелді түрлі құрылғылар бар.

Электр сымдарымен жұмыс жасау барысында оларды арнайы құрылғылар арқылы пайдаланып, белгілі арақашықтықты сақтап отырулары керек. Және әрбір ересек адам өзінің және өзгелердің тіршілік қауіпсіздігіне жағдай жасап, қуат көзіне қосылып тұрған электр сымдарының өрттің тұтануына себепші болмауын қадағалау.

Биік бағанадағы немесе қабырғада ітелі тұрған электр сымдарының бойынан ток көзі таралып тұрғандығын білген жағдайда, қауіпті аймақтан табаныңды жерден көтермей, сыпыра басып, 80 метрге ұзап кету керек.

Ал электр сымдары салдарынан ғимарат ішінде өрт тұтанған жағдайда, ол өртті 4 метр қашықтықта тұрып өшіру керек, ал ашық алаңқайлы жерде 8 метр алыс тұру керек.

Адам – мемлекет байлығы дейтін біздің қоғамда әрбір адамның қауіпсіз өмірі қаншалықты маңызды болса, өз басын бәйгеге тігіп, тұрғындарға көмек көрсететін өртсөндірушілердің де өмірі мен қызметі соншалықты маңызды.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей, тыныштықты қалайтын қарапайым халық үшін төтенше жағдайлардың тосын сипаты лайымда болмай-ақ қойсын!

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген автор.

«Жергілікті атқарушы органдары арқылы Кредиттік тұрғын үй құрылысы» бағыты бойынша «Нұрлы жол» Бағдарламасына қатысу үшін өтініш қабылдау басталғаны туралы хабарландыру

Құрметті салымшылар!

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (әрі қарай – Банк) «Жергілікті атқарушы органдары арқылы Кредиттік тұрғын үй құрылысы» бағыты бойынша «Нұрлы жол» Бағдарламасына қатысу үшін өтініш қабылдайтыны туралы хабарлайды.

Жобаға қатысу үшін өтініш беру мерзімі: **15.09.2016 ж. бастап 09.10.2016 ж.** дейін.

Баллдарды есептеу күні (Үміткерлерді таңдау): 10.10.2016 жыл

Құрылыстың жоспарлы аяқталу мерзімі: 30.09.2016 жыл.

Жайлылық класы: III

№	Пәтерлердің түрі	Пәтерлердің көлемі, ш.м.	«Таза» әрленген тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы, теңге	«90 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй», «Береке» ы.а., Гастелло көшесі, 46 үй,		
				Пул №	қабат	саны
1	1 бөлмелі	40,60 ш.м.	125 000	№1	1-5	14
2	2 бөлмелі	66,06 ш.м.	125 000	№2	1-5	48
3	3 бөлмелі	85,98 ш.м.	125 000	№3	1-5	28
Барлығы						90

№	Пәтерлердің түрі	Пәтерлердің көлемі, ш.м.	«Таза» әрленген тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы, теңге	«75 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй», «Береке» ы.а., Гастелло көшесі, 42 үй,		
				Пул №	қабат	саны
1	1 бөлмелі	51,80 ш.м.	125 000	№1	1-5	20
2	2 бөлмелі	65,40 ш.м.	125 000	№2	1-5	40
3	2 бөлмелі	74,42 ш.м.	125 000	№3	1-5	6
4	3 бөлмелі	85,18 ш.м.	125 000	№4	1-5	9
Барлығы						75

№	Пәтерлердің түрі	Пәтерлердің көлемі, ш.м.	«Таза» әрленген тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы, теңге	«55 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй», «Береке» ы.а., Гастелло көшесі, 44 үй,		
				Пул №	қабат	саны
1	1 бөлмелі	51,80 ш.м.	125 000	№1	1-5	15
2	2 бөлмелі	74,38 ш.м.	125 000	№2	1-5	6
3	3 бөлмелі	84,52 ш.м.	125 000	№3	1-4	34
Барлығы						55

Өтінішті Банк филиалына немесе Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсындағы «Жеке кабинетте» беруге болады. Өтініш беру күні және уақыты өтініш берушінің иеленген баллдары мен кезектілігіне әсер етпейді.

Өтініштер Банк салымшыларынан ғана қабылданады.

Өтініш берушілерге қойылатын талаптармен, Құрылыс нысанының сипаттамасымен, соның ішінде ғимарат қасбетін және пәтерлердің жоспарлануын Банктің www.hcsbk.kz интернет ресурсында ежбей-тегжейлі танысып, көруге болады.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда Банктің Байланыс-орталығына хабарласуыңызды сұраймыз.

300 байланыс телефоны (ұялы телефонынан хабарласу тегін).

Айыртау аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу қағидаларының 20-тармағына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Айыртау аудандық сайлау комиссиясы ауылдық округтер әкімдіктеріне кандидаттар ретінде тіркеді:

2016 жылғы 21 қыркүйекте

Т.А.Ж.	Туған күні	Жұмыс орны, лауазымы	Мекенжайы
Володар ауылдық округі			
Азбергенов Ренат Серікбайұлы	27.06.1980	«Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, жұмыспен қамту секторының бас маманы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с
Қазжанов Шалқар Сапарбекұлы	15.08.1984	Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік тұқым инспекциясы бөлімінің бас маманы - тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с
Оразалин Жомарт Жетпісбайұлы	15.12.1971	«Өрт сөндіруші»АҚ өрт сөндіру және авариялық құтқару 1 -бөлімінің қарауыл бастығы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с

Е.МЕРҒАСЫМОВ,
Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

АЙТВ-ЖҰҚТЫРҒАНДАРҒА АҚЦЕНТТІК АХУАЛМЕН МӘМС ЖӨНІНДЕ

Медициналық сақтандыру европаның 16 елінде қызмет етеді, сондай-ақ Жапония және Түркия елдерінде. Бұл мемлекеттерде халықтың өмір сүру ұзақтығы жоғары (80-85 жасқа дейін), осыған байланысты, медицина өте жоғары деңгейде дамыған. Көптеген сарапшылар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың тиімділігі (бұдан әрі МӘМС) **мемлекет жұмыс беруші мен азаматтардың денсаулық сақтау мәселесі бойынша ортақ жауапкершілігін қамтамасыз етеді.**

Атап айтқанда, әлеуметтік-маңызды аурулармен есепте тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар АЙТВ-жұқтырғандар мен ЖИТС ауруларды уайымдауға ешбір себеп жоқ, өйткені мемлекетпен «Бірінші – минималдық базалық пакет» ұсынылатын болады.

МӘМС бар болғаны медициналық қызметтің екі пакетін ұсынады.

Біріншісі – минималдық базалық пакет мемлекетпен ұсынылатын елдің барша азаматтары үшін қолжетімді болмақ:

- жедел-жәрдем қызметі және санитарлық авиация;
 - әлеуметтік маңызды ауруларға, сондай-ақ шұғыл жағдайларда;
 - профилактикалық екеп;
 - амбулаторлық-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен амбулаторлық-емханалық көмек кіреді (2020 жылға дейін).
- Екіншісі – медициналық қызметтің пакеті**, МӘМС жағдайда ұсынылатын, сақтандырылған азаматтар үшін тағайындалған. Оған
- абулаторлық-емханалық көмек;
 - стационарлық көмек;
 - стационарлық көмекті алмастыратын көмек;
 - жоғарғытехнологиялық көмек;
 - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
 - мейірбикелік қарау;
 - паллиативтік көмек кіреді.

А.СЫЗДЫҚОВА,
ЖИТС ОО бас бәрігері.

МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ҰЙЫМДАРЫНА ТІРКЕЛУ

2016 жылғы 15 қыркүйектен бастап 15 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды МСАК (медициналық-санитарлық алғашқы көмек) көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне тіркеу бойынша науқан өткізіледі.

Нормативтік құжаттарға сәйкес азаматтардың МСАК ұйымдарына тіркелуі тұрақты немесе уақытша тұратын, жұмыс істейтін, оқитын жері бойынша бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде дәрігерді, медицина ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отыра, жүзеге асырылады. Азамат тек қана бір МСАК ұйымына тіркеледі. Азаматтың МСАК ұйымына тіркелгенін растайтын құжат қағаз түрінде немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта құрастырылған медицина ұйымына тіркелу анықтамасы (талон) болып табылады.

МСАК ұйымына тіркелу азаматтың өзі жүгінген кезде еркін түрде жазылған өтініш пен жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде жүзеге асырылады.

«Электрондық үкімет» веб-порталына жүгінген кезде сауал жіберу қажет, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат және электрондық цифрлық қол болуы тиіс.

Денсаулық жағдайы бойынша МСАК ұйымына өзі келуге мүмкіндігі жоқ тұлғаларды тіркеу МСАК ұйымында олардың жазбаша өтініші бойынша немесе аталған құжаттар болған жағдайда, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізіледі.

Тіркелу кезінде басқа МСАК субъектісінен шығу автоматты түрде жүзеге асырылады.

Азамат МСАК ұйымына тіркелуді еркін таңдаған кезде, осы ұйым мамандарының оған үйде қызмет көрсетуі ертерек ескеріледі және тіркелу туралы анықтамада (талонда) көрсетіледі. Сондай-ақ таланда тіркелуден дәлелденген бас тарту туралы жазылады.

Н.ПАКЕТОВА,
СҚО денсаулық сақтау басқармасының МСАК бөлімінің басшысы.

Сұхбат

МИКРОНЕСИЕЛЕУДІ КЕҢЕЙТУ – КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ

Үстiмiздегi жылдың 9 қыркүйегiнде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Үкiмет жұмысының басты басымдықтарының бiрi ретiнде жаппай кәсiпкерлiктi ынталандыру мен жұмыспен қамту ауқымын кеңейтудi белгiлеп бергенi белгiлi. Бұған қоса, агроөнеркәсiп кешенiн, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту мен экспорттық әлеуеттi әртараптандыру бойынша тапсырмалар берген едi.

Мемлекет басшысы алға қойған мiндеттердi жүзеге асыруға орай Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсiпкерлер палатасы кәсiпкерлiктi дамытудың 10 iлгерiндi қадамын ұсынып отыр. Ал бiз осы 10 қадамның түйiнiн тарқату мақсатында Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсiпкерлер палатасы төралқасының төрағасы Т.А.ҚҰЛЫБАЕВТЫ әңгiмеге тартқан болатынбыз.

- Тимур Асқарұлы, қазiргi кезде кәсiпкерлiктi микронесиелеу «Бизнестiң жол картасы-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламалары аясында жүзеге асырылып келе жатқанынан хабардармыз. Осы бағдарламалардың артықшылықтары қандай, кемшiлiктерi бар ма? Болашақта микронесиелеудi қазiргiден де жеңiлдетудiң жолдары қарастырыла ма?

– Бүгiнде бизнестi микронесиелеу, өздерiңiз айтқандай, «Бизнестiң жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылу үстiнде. Берiлу көлемi жылына 6 пайыздық өсiммен 10 млн теңге. Ал «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасына сәйкес жылына 5 пайыздық өсiммен 3 млн теңге берiлiп келедi. Бұған қоса, «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдiнгiнiң тiкiткерi арқылы микронесиелiк ұйымдар тарапынан жылына 9,5/12 пайыздық мөлшерлемемен 3 млн теңгеге дейiн несиелеу қарастырылған.

Осындай тиiмдi қаржылық шарттарға қарамастан, кәсiпкерлер аталған бағдарламалар бойынша кепiлмен қамтамасыз ету, талап етiлетiн құжаттар санының көптiгi және iлеспелi жобалардың жоқтығы салдарынан қиындықтарға тап келiп жатады. Мәселен, кәсiпкерлер «Бизнестiң жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша микронесие алу үшiн 13 құжат ұсынуы тиiс. Осыған қарамастан, өткен жылы Микронесиелiк ұйымдар (МНҰ) тарапынан жалпы сомасы 120 млрд теңгенiң 564 мың микронесиесi берiлiптi.

Бұл жерде атап көрсететiн бiр жайт – ауылдық жерлердi микронесиемен қамту деңгейi төмен күйiнде қалып отыр. Ауылдық жерлерде тек 75 МНҰ ғана белсендi жұмыс жүргiзiп келедi. Ал Қазақстанда, тұтастай алғанда, белсендi жұмыс iстейтiн 342 МНҰ бар. Мәселен, Атырау облысында МНҰ ауылдарда мүлдем жұмыс iстемейдi, Ақтөбе облысында осындай белсендi екi-ақ ұйым тiркелген, Маңғыстау облысында, тiптi, бiреу ғана.

Истерiн ендi бастаған көптеген кәсiпкерлер үшiн микро-несиелер мөлшермелердiң (орташа алғанда жылдық 40 пайыз) жоғары болуымен байланысты қолжетiмсiз болып отыр. Осыған орай үстiмiздегi жылдың басынан берi «Атамекен» ҰҚП жеке инвестициялар мен жергiлiктi бюджет қаржыларын тарту есебiнен бес қанатқақты облыста микронесиелеуге кiрiсiп кеттi. Олар: Алматы, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай және Маңғыстау облыстары.

«Атамекен» ҰҚП жүзеге асырып жатқан шешушi басымдықтарға микронесиелеудiң кепiлдер бойынша iкемдiлiгi, кепiлдеме ұсыну, кәсiпкерлердiң оқудан бастап бизнес-жобалар жасағанға дейiнгi аралықтағы iс-әрекеттерi, кооперациялар мен тiкелей сатудың мүмкiндiктерi жатады.

Микронесиелер 5 жылға дейiнгi мерзiмге жылдық 6 пайыздық мөлшерлемемен 15 млн теңгеге дейiнгi сомада салалық шектеулерсiз берiледi. Оның үстiне, кәсiпкерге микронесие алу үшiн бар болғаны 5-6 құжат өткiзсе жетiп жатыр.

Микронесиелеу қызметiмен кең қамту «Атамекен» ҰҚП-ның инфрақұрылымдарын дамытуды қамтамасыз етедi. Қамтамасыз ету аудандық деңгейде де жүзеге асырылады. Бүгiнге дейiн облыстық деңгейде 23 Кәсiпкерлiкке қызмет көрсету орталығы (ҚҚО), ал аудандық деңгейде 188 Кәсiпкерлiктi қолдау орталығы (ҚҚО) жұмыс iстесе, олардың 152-сi аудан орталықтарында, 9-ы шағын қалаларда, ал 27-сi моноқалаларда орналасқан.

Халықты бизнестiң негiздерiне жаппай оқытқан тиiмдi – Қазiргi таңда халықты бизнестiң негiздерiне оқытып-үйрету «Бизнес-Кеңесшi» және «Бизнес-Өсiм» жобалары бойынша «Бизнестiң жол картасы-2020» шеңберiнде жүзеге асырылып жатыр екен. Осы мәселенi тарқата түссенiз.

– Осы арада оқыту тақырыбына байланысты «Бизнес-Кеңесшi» жобасы бойынша оқыту 2 күн iшiнде, ал «Бизнес-Өсiм» жобасы бойынша 2-5 күн аралығында жүзеге асырылатынын нақтылай кетейiн. Бизнестiң негiздерiне дайын емес аудиторияны, әсiресе, ауыл халқын осындай пiшiмде оқыту өте тиiмсiз және формальдi.

Халықты жұмыспен қамту, әлеуметтiк қысымды төмендету, сондай-ақ, өңiрлерде кәсiпкерлiктi дамытуды қамтамасыз ету үшiн нақты iс-шараларды жүзеге асыру шеңберiнде «Атамекен» ҰҚП ел Үкiметiнiң қолдауымен Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында екi қанатқақты жобаны – «Bastau Бизнес» және «Bastau Кәсiп» жобаларын аяқтады.

«Bastau Бизнес» жобасы кәсiпкерлiктi ауылда дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, ауыл халқының жұмыспен қамтылу деңгейiн бизнес-бастамалар мен халықты кәсiпкерлiк негiздерiне жан-жақты үйрету арқылы көтерудi мақсат тұтады. «Bastau Бизнес» жобасы бойынша оқыту ұзақтығы 1 айды құраса, бұл бизнеске оқытудың басқа бағдарламалары ұзақтығынан 6-дан 10 есеге дейiн асып түседi.

«Bastau Бизнес» жобасы 5 кезеңде жүзеге асырылады: 1) халықты жобамен құлақтандыру және таныстыру; 2) тестiлеу жүргiзу мен қатысушыларды iрiктеу; 3) практикалық оқыту; 4) бизнес-жоспарды жан-жақты талқылау, бизнес-жоспар жасау; 5) жобаны микронесиелеу берудi қоса алғанда, алғашқы 12 ай бойы iлгерiлету.

«Bastau Кәсiп» жобасының ерекшелiгi еңбек нарығының сұранысына бағдарланғандығында болып табылады. Бұл оқыту және жұмыспен қамту қызметтерi арқылы жүзеге асырылады (Naimi.kz сервистiк базасының мобилbдi қосымшасы, бiртұтас call-орталық, тапсырыстарды онлайн режiмде оқыту және iздеу).

«Атамекен» ҰҚП-да «Атамекен Бизнес Академия» онлайн-оқыту жобасы жүзеге асырылып жатыр, сондай-ақ, бизнес-тренерлердi оқыту үшiн әдiстемелiк

орталықтар құрылуда. Ұзақтығы жөнiнен оқытудың қысқа мерзiмдi мемлекеттiк бағдарламасынан 6-10 есе асып түсетiн «Bastau Бизнес» жобасының тиiмдiлiгiн ескере келгенде, жобаның iкемдiлiгi мен бейiмдiлiгi оң бағаланатыны анық. Сондықтан онымен Қазақстан Республикасының барлық өңiрлерiн кең ауқымды қамту ұсынылып отыр.

«Bastau Кәсiп» жобасын толыққанды жүзеге асыружәне кеңейту мақсаттарында Қазақстан Республикасының барлық өңiрлерiнде оны «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» мемлекеттiк бағдарламасына интеграциялау ұсынылады. Бұл жерде тиiстi орталық мемлекеттiк органдардың (Бiлiм және ғылым министрлiгi, Денсаулық сақтау және әлеуметтiк даму министрлiгi) ресурстарын аталған жобаны барынша тиiмдi жүзеге асыру үшiн пайдалану қажеттiгi де көлденең тартылады.

Ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту – iлгерiлеу кепiлi

– Агроөнеркәсiп кешенiн дамытуды тежеп келе жатқан проблемалардың бiрi басым жағдайда өндiрiстiң ұсақ тауарлы сипаты болып табылатыны ақиқат. Осы проблеманы шешу үшiн қандай жұмыстар жасалып жатқанын бiлсек деп едiк.

– Ұсақтауарыллық проблемасын өңсеру мақсатында өткен жылдың қазан айында «Ауыл шаруашылығы кооперативтерi туралы» Заң қабылданды. 10 қанатқақты кооперативтер құру және оның жұмысын жолға қою бойынша Ұлттық кәсiпкерлер палатасы мен Ауыл шаруашылығы министрлiгiнiң бiрлескен жоспары жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ, ҰҚП тарапынан «200 ауыл шаруашылығы кооперативтерi» бағдарламасыжүзегеасырылыпжатыр. Қазiргi кездiң өзiнде шамамен 7 мың шаруа қожалығы мен халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарын бiрiктiретiн 283 ауыл шаруашылығы кооперативi жұмыс iстейдi.

Сонымен бiр мезгiлде, ауыл шаруашылығы тауарларын өндiрушiлер ауыл шаруашылығы кооперативтерi пiшiнiнде iрiлене отырып, «арзан» ақшаға қол жеткiзе алмау проблемасымен бетпе-бет келуде. Қаржыға қол жеткiзу проблемасын шешу үшiн ауыл шаруашылығы кооперативтерiне мыналар ұсынылады:

- халықтың кооперативтерге бiрiккен жеке қосалқы шаруашылықтарының микронесиелеу басымдықтарын айқындау;

- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ институттары арқылы жеңiлдiкпен несиелеудiң жаңа өнiмiн өнгiзу.

Сараптама қорытындыларына сүйенсек, тiкелей сату жүйесiнiң болмауы салдарынан өндiрiлген өнiмнiң 20-40 пайызға дейiн қымбаттап кететiнi байқалып отыр. Осыған орай желiлер мен ауыл шаруашылығы кооперативтерi арасында сауданы дамытудың үш кезеңдi тәсiлi ұсынылады.

Бұрынғы қадамдарды жүзеге асыру бойынша жасалған жұмыстарды ескере келгенде, ауыл шаруашылығы кооперацияларын қолдау жүйесi төмендегiше түзiлетiн болады:

- жергiлiктi жерлерде ұйымдастыру және түсiндiру жұмыстарын жүргiзу; - халықты бизнестiң негiздерiне, бизнес-жоспар жасауға үйрету; - микронесиелеу арқылы қаржыландыру немесе «ҚазАгро» ҰБХ арқылы жеңiлдiкпен қаржыландыру; - ауыл шаруашылығы өнiмдерiн сатуды/қайта өңдеудi ұйымдастыру.

Бәсекеге қабiлеттi бизнестi ұзақ мерзiмдi мемлекеттiк тапсырыстар есебiнен қолдау қажет

– Қалыптасқан экономикалық жағдайда отандық өнімдерге сұранысты ынталандыру маңызды. Аталған үдерісте күнделікті тұтынатын тауарлар, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік секторларды сатып алу және жер қойнауын пайдалану шеңберіндегі тұрақты сұраныс шешуші рөл атқаратыны белгілі. Осы арада мынадай сурақ туындайды: күнделікті тұтынатын тауарлардың жыл сайынғы көлемі қандай?

– Күнделікті сұранысқа ие тұтыну тауарларының жыл сайынғы көлемі (киім-кешек, аяқ киім, азық-түлік өнімдері, жиһаз) шамамен 1,9 трлн теңгені құрайды. Бірақ осының ішінде отандық өнімнің үлесі орташа алғанда 30 пайыздан аспайды. Ал мемлекеттік сатып алулардың, квазимемлекеттік секторлардағы сатып алулар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы көлемі шамамен алғанда 9,7 трлн теңге болса, отандық деңгейдің үлесі – 57 пайыз.

Осыған байланысты отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін жергілікті мазмұнның үлесін арттыру жолымен жоғарылату бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл үшін жергілікті тауар өндірушілерге ұзақ мерзімді мемлекеттік қолдау көрсетілуі шарт. Қазіргі таңда осы бағытта нақты жұмыстар жүргізіле бастағанын да айта кеткеннің артықтығы жоқ.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПІКЕРЛІКТІҢ ЭКСПОРТҚА БАҒДАРЛАНУЫ – ЭКОНОМИКА ӨСІМІНІҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ

– Бүгінгідей жағдайда экономика өсімін қалай ынталандыруға болады?

– Соңғы жылдары ел экономикасы дамуының баялауы бізді өсімінді жаңа драйверлерін табуға итермелеп отыр. Экономикамыз кейінгі оңжылдықта ірі компанияларға тәуелді болған болса, бүгінде біз парадигманы шағын және орта кәсіпкерлікке қарай бұруға тиіспіз. Әсіресе, экспортқа бағдарланған кәсіпорындарға көңіл бөлуіміз керек, өйткені біздің ірі көршілерімізде – Қытай, Ресей және Иранның ірі нарықтарында біз әлі пайдаланбаған экспорттық әлеует бар.

Шағын және орта кәсіпкерлік секторының да ішкі проблемалары баршылық. Мысалы, дамыған ел-

дерде шағын және орта кәсіпкерліктің экспорттағы үлесі қазақстандық көрсеткіштерден он есе жоғары – 25 пен 50 пайыз арасында болып отыр. Бұл ел кәсіпкерлерінің айтарлықтай бөлігі сауда секторында екендігімен, ал өзге азық елдерде керісінше өндіруші болып отырғандығымен түсіндіріледі.

Бүгінде Қазақстанда экспортты қолдаудың жалпыға мойындалған барлық мемлекеттік қолдау шаралары бар, олар түрлі мемлекеттік мекемелер арасында «шашырап кеткен». Бұл шаралардың келісілмеуіне, экспортты қолдау жөніндегі ұйымдардың арасында бірдей функциялар жүктеуге әкелуде. Органдар арасындағы осы түсініспеушіліктердің бәрінен кәсіпкерлеріміз жапа шегіп отыр.

Сондықтан, экспорттаушыларды қолдау жан-жақты механизм болып саналатындығын және түрлі құралдарды пайдалануды қажет ететінін ескере отырып, барлық шараны бірыңғай әрі жүйелі үдеріске байланыстыру қажет. Бұл үшін **Экспортты ілгерілетудің ортақ** стратегиясын әзірлеп, қандай компаниялардың экспортқа шығуға әлеуеті бар екенін анықтаудан бастап, өзге елдерде түрлі көрмелер мен алаңдар ұйымдастыруға дейінгінің бәрін қамту қажет.

Түпкі мақсат осы кәсіпорындарды табу және экспорттық нарықтарға ілгерілету болып табылады. Егер олар жеткіліксіз болса, онда олардың қатарын өсіру үшін қалыптасу кезеңінде мемлекеттік тапсырысты ұзақмерзімді негізде (3 жылға келісімшарт) алуы үшін басымдықтар беруге дейінгі түрлі қолдауларды қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты экспортты қолдаудың барлық шарасын бір терезе қағидатындағы оператормен бірге шағын және орта кәсіпкерліктің экспортқа бағдарлануы мәселесіне шоғырландыра отырып, **Экспортты ілгерілетудің** жаңа стратегиясын әзірлеу ұсынылады

Аудан орталықтарына дейін өңірлік инфрақұрылымы қалыптасқанын, орта және ірі кәсіпорындардың сандық негіздегі базасы, шетелдердің сауда-өнеркәсіп палаталарымен жолға қойылған байланысы бар екенін ескерсек, экспорт саласындағы бірыңғай операторды «Атамекен» ҰҚП басқара алар еді.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын индустриялық және инвестициялық шешімдер қабылдауға негіз болады

– Білуімізше, қазір Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы әзірленіп жатқан секілді. Мұның Индустрияландыру картасынан айырмашылығы неде?

– Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы – бұл бизнес-навигатор сияқты электрондық портал онда кәсіпкерлер, кәсіпкерлік қызметке қызығушылығы бар әлеуетті кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін өзекті ақпарат шоғырланған.

Бизнес-навигаторда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту шаралары туралы ақпарат, елдің барлық өңірі бойынша талдамалық шолу (экономикалық мамандану және әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері) қамтылған. Сондай-ақ порталда нақты байланыс деректері мен бизнес-субъектілер туралы өзге де қажетті ақпараттары бар елдегі кәсіпкерлердің бірыңғай реестрі енгізілген. Осыған орай, өңірлік карта индустриялық және инвестициялық шешім қабылдау үшін нақтылы негіз бола алады. Қазіргі кезде Картада 105 перспективалық инвестициялық жоба бар. Қазіргіді өзінде 103-тен аса елдің өкілдері осы порталды қарап отыр.

Дейтұрғанмен, кәсіпкерлер бүгінде инвестор тарту үшін бизнес-идеяларды техникалық экономикалық негіздеме формасындағы инвестициялық жоба деңгейіне жеткізу ісінде қиындықтарға тап болуда. Кәсіпкерлер ұсынған инвестициялық жобалар әдетте инвесторлардың талаптарына сай келмейді.

Соған орай біз жобаны Индустрияландыру картасына енгізу туралы шешім қабылдар кезде Өңірлік үйлестіру кеңесін Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасындағы мәліметтерді ескеруге міндеттеуді; «Бизнестің жол картасы-2020» бірыңғай бағдарламасына кәсіпкерлердің ТЭН жасау кезіндегі шығыстарын өтеу жөніндегі мемлекеттік қолдау шарасын қосуды; өңірлік карта базасындағы нарық туралы негізгі деректер арқылы аумақтық нарықтағы оңтайлы бос орынды іздеудің құралы ретінде «бизнес-конструктор» қағидаты бойынша кіші жүйе құруды ұсынамыз.

«ҮКІМЕТ БИЗНЕС ҮШІН» СЕРВИСІН ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

– Тимур Асқарұлы, осы кәсіпкерлерді қолдау шараларын бір қолға шоғырландыруға болмай ма? Осы бағытта нақты бір жұмыстар бар ма?

– Соңғы жылдары мемлекет бизнесті қолдау шараларының инфрақұрылымына бастамашылық етіп, оны жүзеге асырды, қажетті бағдарламалар мен институттарды құрды. Бүгінде осы қолдау шараларын шоғырландыратын, кәсіпкерлерді қолдауды «Азаматтарға арналған Үкімет» сияқты «бір терезе» арқылы ұсына отырып, оларды ыңғайлы әрі тиімді ететін кез келді.

Осы орайдағы, «Үкімет бизнес үшін» жобасы қолдау шараларын «бір терезеге» шоғырландырудан синергиялық әсер тудыруға, кәсіпкерлерге арналған қолдау шараларының қолжетімділігі мен ауқымын ұлғайтуға, қолдау шараларын алу үдерісінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Аудандық деңгейге дейін инфрақұрылымдары мен кәсіпкерлікке сервистік қызмет көрсету тәжірибесі бар екенін ескерсек, Үкімет тарапынан үйлестіре отырып, операторлықты «Атамекен» ҰҚП-ға жүктеу ұсынылады.

Үкімет бизнес үшін дегеніміз, бұл – даму институттары көрсететін субсидиялаудан, грант беруден, сертификаттаудан бастап, факторингке, сауда алаңына, арнайы экономикалық аймақтарға, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға дейінгі барлық шараларды бизнес үшін біріктіре отырып, кәсіпкерге кеңес беретін, қызмет пен сервисті бірыңғай стандарт пен форматта көрсететін бір терезе.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАҚЫЛАУ-ҚАДАҒАЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ҚАЙТА РЕТТЕУ КЕРЕК

– Кәсіпкерлер тарапынан жиі айтылатын шағымның ең негізгісі – тексеру, бақылау шараларының көптігі. Бұл мәселеге қатысты нақты қандай ұсыныстар бар?

– Жалпы республика бойынша бақылау және қадағалау функцияларын 61 ведомство жүзеге асырады (соның 45-і орталық мемлекеттік органдардыкі, 16-сы өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардан).

Мемлекеттік функцияларға жасалған талдау аталған ведомстволар түрлі салада 512 бақылау функциясына ие екенің, бұл тотальді мемлекеттік бақылауды білдіретінін көрсетті. Бұл ретте кәсіпкерлерге қатысты тексеру парағында 18 мыңнан астам талап бар екен (ең көбі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында – 10 мыңнан астам). Сонымен бірге, тексеру парағынан тыс санитарлық нормалар мен ережелердің 8 мыңнан астам талабы бар. Бұлар да мемлекет тарапынан бақыланады.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеті өнім (жұмыс, қызмет) қауіпсіздігін қамтамасыз ету болуы тиіс. Сапа мәселесі нарықтың өзі арқылы реттелуі қажет, өйткені нарықтың басты діттегені – іскерлік репутация, тұтынушыны тарту және тұтынушыға стратегиялық бағдарлану. Бұл – бәсекелі нарықта істейтін әрбір ұйымға және әрбір кәсіпорынға аса маңызды.

Алайда, елде сапа мәселесі (стандарттар, құрылыс нормалары мен ережелері, гигиеналық нормативтер, типтік қағидалар) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі және көп жағдайда сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызады.

Осыған байланысты мынадай ұсыныстар бар.

1) тексеру жүргізу кезінде бизнес субъектілерінен талап етілетін талаптарды қысқарту жұмыстарын атқару; 2) тауардың (жұмыс, қызмет) қауіпсіздігін бақылау мен тауар (жұмыс, қызмет) сапасын бақылауға қатысты мемлекеттік бақылаудың ара-жігін ажырату; 3) ұсынылатын тауар, жұмыс және қызмет сапасы бойынша бақылау функцияларын бәсекелі ортаға (өзін өзі реттей ұйымдарға – ӨРҰ) беру, бұл ретте кәсіпкерлік субъектісін тауар (жұмыс, қызмет) сапасы талаптарына сәйкестікке мониторингтеу қорытындысы бойынша ӨРҰ ақпаратты Тауекелдер басқару жүйесінде СУР-да ескерілетін болады, сол арқылы адал кәсіпкерлерге қатысты қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті тексеру санын азайтады; 4) Мемлекеттік бақылауды біртіндеп кәсіпкерлердің тұтынушы алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандырумен алмастыру; 5) Кәсіпкерлік кодексіндегі тексерулер жүргізудің жалпы тәртібінен ерекшеліктер санын қысқарту.

Жалпы алғанда, мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларына ревизия жүргізу қажет.

Жалғасы 5-бетте.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 26 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Апта.kz» 11:55 «ДАУА» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Назарбаев Университетінің ғылыми жетістіктері» 18:05 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:00 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТ!» Д/ф 22:05 «КЕЛІН» Т/х 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «МУЗАРТ Live» Күнделік 23:45 KAZNEWS 0:30 «SPORT.KZ» 0:50 «Болашақ әлем» Д/ф 1:15 «Серпилис» 2:00 «Менің Қазақстаным!» 2:30 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 3:20 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:50 Әнұран

ХАБАР

7:00 "Өмір сабақтары" 7:30 «Сотқа жеткізбей» 8:00 «Жаңа күн» 10:20 Т/с.»Осколки» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:40 Т/х «Өгей жүрек» 12:30 «Магия құх-ни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И всё-таки я люблю...» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Шалғайдағы оқиға» 16:45 Т/х «Пөлешеевтер» 17:20 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:30 «Егіз жүрек» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Өгей жүрек» 20:30 «ЕХРО - энергия будущего» 20:35 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:30 По сути 21:40 «Бюро расследований» 22:15 Т/с.»Осколки» 23:05 Т/х «Пөлешеевтер» 23:40 «Әр үйдің сыры басқа» 0:15 Қорытынды жаңалықтар 0:50 «Өмір сабақтары» 1:20 «Әр үйдің сыры басқа» 1:45 Қорытынды жаңалықтар 2:20 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 13:20 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «СЫН МОЕГО ОТЦА» Т/С 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «РОДИНА» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 Т/с «МЕДСЕСТРА» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.35, 16.25, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.20 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.45 «Прямой эфир». 17.50 «60 Минут». 20.00 Т/с «Любить нельзя ненавидеть» 22.00 «Специальный корреспондент» 01.20 Т/с «Семейный детектив» 03.15 «Комната смеха»

СЕЙСЕНБІ, 27 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Му-зАрт Live» Күнделік 10:10 «Питер Пэн» М/х 10:30 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Айман&Шолпан» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТАБЫС СЫРЫ» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:00 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТ!» Д/ф 22:05 «КЕЛІН» Т/х 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «МУЗАРТ Live» Күнделік 23:45 KAZNEWS 0:30 «Болашақ әлем» Д/ф 0:55 Тәуелсіздікке 25 жыл «Табыс сыры» 1:20 «Қылмыс пен жаза» 1:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 3:00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:30 Әнұран

ХАБАР

7:00 "Өмір сабақтары" 7:30 «Сотқа жеткізбей» 8:00 «Жаңа күн» 10:20 Т/с.»Осколки» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:40 Т/х «Өгей жүрек» 12:30 «Магия құх-ни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И всё-таки я люблю...» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Шалғайдағы оқиға» 16:45 Т/х «Пөлешеевтер» 17:15 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Өгей жүрек» 20:30 «ЕХРО - энергия будущего» 20:35 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:30 По сути 21:35 Т/с «Такая работа» 22:25 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 22:30 Т/с.»Осколки» 23:25 Т/х «Пөлешеевтер» 23:55 «Әр үйдің сыры басқа» 0:30 Қорытынды жаңалықтар 1:00 «Өмір сабақтары» 1:30 «Әр үйдің сыры басқа» 1:55 Қорытынды жаңалықтар 2:25 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 13:20 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «СЫН МОЕГО ОТЦА» Т/С 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «МЕДСЕСТРА» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00,

13.00, 16.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.35, 16.25, 19.45 Вести-Москва 11.00, 00.00 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.45 «Прямой эфир». 17.50 «60 Минут». 20.00 Т/с «Любить нельзя ненавидеть» 22.00 «Вечер». 02.00 Т/с «Семейный детектив» 02.55 «Комната смеха»

СӨРСЕНБІ, 28 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Му-зАрт Live» Күнделік 10:10 «Питер Пэн» М/х 10:30 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Айман&Шолпан» Т/х 11:40 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «ЖАРҚЫН БЕИНЕ» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «СҰХБАТ» 21:05 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:00 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТ!» Д/ф 22:05 «КЕЛІН» Т/х 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «МУЗАРТ Live» Күнделік 23:45 KAZNEWS 0:35 «Болашақ әлем» Д/ф 1:05 «Келбет» 1:35 «Бүгінгі күннің батырлары» 1:45 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 3:00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:30 Әнұран

ХАБАР

7:00 "Әсем әуен" 7:15 «Біздің үй» 8:00 «Жаңа күн» 10:20 Т/с.»Осколки» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:40 Т/х «Өгей жүрек» 12:30 «Магия құх-ни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И всё-таки я люблю...» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Шалғайдағы оқиға» 16:45 Т/х «Пөлешеевтер» 17:10 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Өгей жүрек» 20:30 «Тағдыр тартысы» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 «ЕХРО - энергия будущего» 22:35 Т/с.»Осколки» 23:30 Т/х «Пөлешеевтер» 0:00 «Әр үйдің сыры басқа» 0:35 Қорытынды жаңалықтар 1:05 «Өмір сабақтары» 1:35 «Әр үйдің сыры басқа» 2:00 Қорытынды жаңалықтар 2:30 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 13:20 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «СЫН МОЕГО ОТЦА» Т/С 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 Т/с «СНЕГ РАСТАЕТ В СЕНТЯБРЕ» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.35, 16.25, 19.45 Вести-Москва 11.00, 00.00 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.45 «Прямой эфир». 17.50 «60 Минут». 20.00 Т/с «Любить нельзя ненавидеть» 22.00 «Вечер». 02.00 Т/с «Семейный детектив» 03.00 «Комната смеха»

БЕЙСЕНБІ, 29 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 10:30 «ТОБОТ» М/х 10:50 Мультфильм 11:05 «Айман&Шолпан» Т/х 12:00 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 14:40 KAZNEWS (Дайджест) 14:45 «МузАрт Live» Күнделік 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 17:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ» 17:30 KAZNEWS 17:55 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 18:15 «АГРОБИЗНЕС» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 21:05 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:00 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТ!» Д/ф 22:05 «КЕЛІН» Т/х 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «МУЗАРТ Live» Күнделік 23:45 KAZNEWS 0:30 «Болашақ әлем» Д/ф 1:00 «Агробизнес» 1:20 «Журналистик зерттеу» 1:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 3:00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:30 Әнұран

ХАБАР

7:00 "Әсем әуен" 7:15 «Біздің үй» 8:00 «Жаңа күн» 10:20 Т/с.»Осколки» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:40 Т/х «Өгей жүрек» 12:30 «Магия құх-ни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И всё-таки я люблю...» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Шалғайдағы оқиға» 16:45 Т/х «Пөлешеевтер» 17:10 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Өгей жүрек» 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 22:35 Т/с.»Осколки» 23:30 Т/х «Пөлешеевтер» 23:55 «Әр үйдің сыры басқа» 0:30 Қорытынды жаңалықтар 1:00 «Өмір сабақтары» 1:30 «Әр үйдің сыры басқа» 1:55 Қорытынды жаңалықтар 2:25 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 13:20 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «СЫН МОЕГО ОТЦА» Т/С 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА»

0:00 Т/с «СНЕГ РАСТАЕТ В СЕНТЯБРЕ» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.35, 16.25, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.55 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.45 «Прямой эфир». 17.50 «60 Минут». 20.00 Т/с «Любить нельзя ненавидеть» 22.00 «Поединок». 01.55 Т/с «Семейный детектив» 02.55 «Комната смеха»

ЖҰМА, 30 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Му-зАрт Live» Күнделік 10:10 «Питер Пэн» М/х 10:30 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Айман&Шолпан» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «ИМАН АЙНАСЫ» 18:15 «ЖАН ЖЫЛҰЫ» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:05 ПАРЛАМЕНТ 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!» 22:30 «КЕЛІН» Т/х 23:25 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 23:45 KAZNEWS 0:15 Парламент 0:30 «Болашақ әлем» Д/ф 0:55 «Жан жылуы» 1:15 «Иман айнасы» 1:35 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 2:55 «Дауа» 3:25 Әнұран

ХАБАР

7:00 "Әсем әуен" 7:15 «Біздің үй» 8:00 «Жаңа күн» 10:20 Т/с.»Осколки» 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:40 Т/х «Өгей жүрек» 12:30 «Магия құх-ни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И всё-таки я люблю...» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Шалғайдағы оқиға» 16:45 Т/х «Пөлешеевтер» 17:15 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Махаббатым жүрегімде» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:40 Т/х «Өгей жүрек» 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:40 Т/с «Такая работа» 21:00 «ЕХРО - энергия будущего» 22:30 Т/с.»Осколки» 23:25 Ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт 0:55 «Әр үйдің сыры басқа» 1:30 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИ-РЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДО-БРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 13:20 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «СЫН МОЕГО ОТЦА» Т/С 16:20 «НАЕДИНЕ СО ВСЕМИ» 17:25 «КДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН С 18:00 ДО 0:00 НЕ ДАВАТЬ ID 18:35 «ЕВРАЗИЯ ЛОТО» 18:45 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ГУДГОРА» КОНЦЕРТ ВЯЧЕСЛАВА БУТУСОВА 2:00 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ» 2:40 «П@УТИНА» 3:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 3:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:45 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 4:30 «ТОЙ ЗАКАЗ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.35, 16.25, 19.45 Вести-Москва 11.00, 00.20 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.45 «Прямой эфир». 17.50 «60 Минут». 20.00 «Юморина». 22.15 Х/ф «Оазис любви» 02.20 Т/с «Семейный детектив» 03.20 «Комната смеха»

СЕНБІ, 1 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен кон-церт 8:15 «ДАРА МЕН ДОСТАРЫ» М/х 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:10 «Әзіл әлемі» 11:20 «ӨМІР ЕМТИХАНЫ» 12:00 «АС БОЛСЫН!» 12:35 «БАЛАПАН ЖҮЛДИЗ» 13:00 «ОИ-ТОЛҒАУ» 14:30 «Ұлы дала баласы» 16:50 «Шырғалаң» Т/х 19:35 KAZNEWS 20:10 «Үздік өндер» 21:05 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «КЕҢІЛАШАР» 0:05 KAZNEWS 0:40 «Үздік өндер» 1:25 ФУТЗАЛ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ФИНАЛ 3:30 Әнұран

ХАБАР

7:00 «Тамаша» 8:25 «Продвопрос» 8:45 «Қызық times» 9:45 Дневник "Биле, Қазақстан!" 10:00 Кино "Когда Санта упал на землю" 11:45 Кино "Буль и Билл" 13:00 Т/х "Ақылдың кілті Өмірдастан" 14:45 "Биле, Қазақстан!" 16:30 Реалити шоу "Экспеди-ция 25" 17:00 Ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт 18:30 "Ду-думан" 19:45 "Бенефис-шоу" 21:00 "7 күн" 22:00 Кино "Неуловимый" 23:30 Т/с "Дворец Абдин" 0:30 Т/х "Әселдің құрбы-құрдастары" 2:20 Қазақстан театры

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕ-АЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 7:50 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «МУЖ СЧАСТЛИВОЙ ЖЕНЩИ-НЫ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА+» 15:05 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!» 16:05 Кино «НОВАЯ ЖЕНА» 18:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 22:30 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 23:05 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 «ЛЕДНИКОВЫЙ ПЕРИОД» 2:40 «112 НЕДЕЛЯ» 3:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 4:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

РОССИЯ 1

03.55 Х/ф «Аэлита, не приставай к муж-чинам» 05.45 «Диалоги о животных» 06.40, 10.20, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00 Вести 07.10 Россия. Местное время. 08.15 «Сто к одному» 09.05 «Семейный альбом». 10.30 «Юмор! Юмор! Юмор!». 13.30 Х/ф «Слабая женщина» 17.05 «Субботний вечер» 19.00 Вести в субботу 20.00 Х/ф «Неваляш-ка» 23.50 Х/ф «Поверь, все будет хорошо» 01.55 Т/с «Марш Турецкого»

ЖЕКСЕНБІ, 2 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:30 «Көңілашар» 9:00 «БҮГІН

Сұхбат

МИКРОНЕСИЕЛЕУДІ КЕҢЕЙТУ – КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ

Жалғасы. Басы 4-бетте.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЗАҢНАМАНЫ ОДАН ӘРІ ІЗГІЛЕНДІРУДІ БЕРЕРІ КӨП

– Біздің елімізде экономикалық қылмыстарға қатысты заңнаманы і

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	22/09 БС	23/09 ЖМ	24/09 СН	25/09 ЖК	26/09 ДС	27/09 СС	28/09 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+15 +5	+14 +7	+14 +6	+16 +4	+16 +3	+14 +6	+14 +6
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		742	743	742	741	740	735	733
Желдің бағыты		С-Ш	Ш	Ш	Ш	О-Ш	О-Ш	О-Б
Желдің шапшаңдығы		2	5	6	7	2	2	2

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ер есімін ел сақтар

ӘКЕМДІ «ХАТШЫ ХАМИТ» ДЕП АТАЙТЫН

Менің әкем Хамит Нұрғалиұлы негізінде хат жазып, не хат тасушы емес. Оның 7 сынып бітірген білімі кішкентай Сарыөзек ауылына ақ пен қараны айырып, білімді болғаны. Мүмкін, бірнеше Хамит болып, айыру үшін айтқан болар.

1924 жылы 20 қаңтарда әкем анасынан ерте айырылыпты. Ал әкесін көзі ашық қажы-молда деп, 1937 жылы «халық жауы» деп айып таып, НКВД-ның жөндеттері алып кетеді. Сол кеткеннен әкем қайтып оралмаған екен. Соңынан Қажияқлар атамыз ақталыпты.

Баға Хамит Казгородок (қазіргі Сырымбет) ауылында пансионда оқып тәрбиеленеді. Әкесінің ағасы Нұрғали атамыз екінші әйелі Ләтипамен әкемді өздерінің аттарына жаздырып алыпты. Оларда ер балалары болмаған соң, екі қызы жетім Хамитті «ағатай» деп сыйлайды.

Жетімнің аты жетім ғой. Сырымбет пен Сарыөзек ауылының арасы қашық болса да, жаяулап демалысқа келетін. Келе салып, үйді сылап, жуып, қол диірменмен бидайды үгіп, нан илеп, отқа көміп пісіреді. Әкемді оятып, шайға шақырады екен. Жұмалап келіп әкеміздің істейтін ісі еді. Сондықтан да әкеміз «Хамиттің табалдырығында өлемін», - деп отыратын.

Әкем 1942 жылдың наурыз айынан қарашаға дейін №847 артиллерия полкінде наводчик болған. Сталинград түбіндегі шайқаста сол жақ қолынан жарақат алып, үш саусағынан айырылады. 1944 жылы соғыс бітпей елге қайтарылады. Сол жарақаттың зардабынан қолтығына дейін ауырып көп қиналды.

Атамыз соғыстан аман келген ұлын үйләндірмек болып, Айыртаудағы Нұрпейіс, Ақық дейтін адамдардың ФЗО-ға оқуға жіберейін деп отырған қызына құда түсіпті. Олар да Зылиха шешемізді тегі тұрмысқа беруді жөн көрсө керек.

Үлкендердің сөзінің өктемдігі ме, қиын жағдайлар, жоқшылық, таршылық уақыттарда әкем мен шешемнің сыйластығын көріп өстім. Бір үлкен шаңырақ астында Уәли, Зейнеп ағаларымен тату-тәтті өмір сүріп жатты.

Аудан бөлімінің бастығы К.Әмішев пен Н.В.Лин 1947 жылдың 3 қарашасында әкемді колхозға есепші қылып жұмысқа алады. 1948 жылы ор Петропавл қаласында (ВЗУК) сырттай оқитын курсты тәмамдайды. Кейін 1950 жылы Көкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының үш айлық курсын бітіреді. Әкем 1956 жылдың 30 қарашасында

ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып «Үлкен күміс» медалімен марапатталады.

1961-1962 жылдары «Завет Ильича» совхозын басқарған Т.Кербаев тұсында бөлімше есепшісі болады. 1962-1963 жылдары Омбының есепшілер курсына оқиды. Ал 1978 жылдың ақпан айынан сәуір айына дейін Алматыдағы ҚазКСР УПКҚСУ есепші-бухгалтерлік мектебінде оқиды. 1945 жылдың қазан айында мен дүниеге келгенмін. Әкемнің арқасында менің балалық шағым өте қызықты өтті. Әкем мені бауырына басып, әкемді «Көкө», соңынан «Кәукө» деп атауға үйретті.

Ауыл совхоз болып ұйымдасқанда, үй іші Қараталға көшіп, орталықта үй салдық. Атам трудармияға кеткен әкемнің інісі Кәдешті қолына алып, Молдаш деген ақсақалдың қызын келін қылып түсірді. Анам мен жеңгемнің сыйластығын бүкіл ел мақтанышпен айтып отырушы еді. Аядай екі бөлмелі үйде үш отбасы, соңынан екі жиен апайыма қамқор болып бірге тұрдық.

Әкем ешқашан балаларға ұрысып, не зекіп көрген емес. Біз оның айтқанын екі етпейміз. «Әкеңе айтамын» деген сөз берімәздің санамызға сондай әсер етепін.

Өмірімде сондай ақылды, артық сөзі жоқ, дұрыс тәрбиені тек әкем ғана беруші еді. Жұмысқа уақытында барып, уақытында қайтатын. Жастарға совхоз атынан оқуға көмектесіп, халыққа газет, журнал жаздырғаны үшін жылда пошта арқылы марапатталатын.

«Ерен еңбегі үшін Нұрғалиев Хамитке» деп аты жазылған алтын сағат әкеме совхоз атынан сыйға тартылды. Соттың заседателі болып өмірінің соңына дейін қызмет істеп, халықтың ісін дұрыс түсініп, оларға бағыт-бағдар беретін.

Көзінің тірісінде екі ұлын үйләндіріп, 3 қызын тұрмысқа беруге үлгерді. Серіз баласын өсіріп, бәрін жоғары оқу орындарында оқытып мамандық иегері қылды. Тек бір қызы жастай ауру болып, соның өзінде жұмыс істеп, қазір зейнеткер атанып отыр.

Ғұмыр бойы заңгер болып абыроймен қызмет атқарған Қабділмәжіт інім қазір арамызда жоқ, бірақ балалары оның ісін жалғастыруда.

Біз әкеміздің бақытты ұрпағымыз, оның аз ғұмыры бізге үлгі, өмірі өнеге, еңбегі ұлағат. 1986 жылы әкем Хамит Нұрғалиев бұл дүниеден озды. Көзі тірісінде адал еңбегі үшін және Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде «Германияны жеңгені үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20, 25 және 30 жыл», КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл» мерекелік медальдарымен және көптеген Құрмет грамоталарымен, мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Әкеміздің майдандағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбегі ұрпағының жадында мәңгілік сақталады. Ол барлық құрметке лайық жан еді.

Ақнұр ХАМИТҚЫЗЫ,
қызы. Көкшетау қаласы.

Өрендер өмірі

ӨНІРДІН БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ «Жастар ауылы – 2016» лагерінде бас қосты

Қыркүйек айының 8 мен 10 күндері аралығында «Достық» балалар мен жасөспірімдер лагерінде облысымыздың 50 ден аса жас мемлекеттік қызметкерлері, жастар ұйымы мен әр ауданның белсенді жастарының басы қосылған жыл сайынғы дәстүрге айналған «Жастар ауылы-2016» лагері өтті.



Шараның мақсаты – мемлекеттік саясатты жүзеге асыру кезіндегі азаматтық белсенділікті арттырып, жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болды.

Жастар лагері «Жастар мен жастар ұйымдары, ғылым

аяқталды.

Әйгерім ОМАРОВА,
ауданның жастар бастамалары
орталығының кеңесшісі,
лагерьге қатысушы.

Қайталама сот актілерінің көшірмесін беру

Айыртау аудандық сотымен қаралған сот актілерін жоғалтқан жағдайда қайталама сот актілерінің көшірмесін алуға өтініш беру тәртібін түсіндіреміз.

Сот актілерін қайтадан беруге өтініш Айыртау аудандық сотының төрағасының атына жазылады. Өтініште өтініш жазушы адам қайталама сот актілерінің сұрауы себептерін көрсетуі қажет. Өтінішке қоса жеке басын растайтын құжат көшірмесі және мемлекеттік баж салығын төлегенін растайтын түбіртеккі тапсыруға тиіс.

ҚР Салық кодексінің 535 бабының 12 тармағы бойынша сот шешімдерінің үкімдерінің, ұйғарымдарының, соттардың өзгеде қаулыларынан көшірмелерді (телнұсқаларды), сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да адамдардың өтініші бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан - әрбір құжат үшін (айлық есептік көрсеткіш) АЕК-тен 10 %, сондай-ақ әрбір дайындалған бет үшін АЕК-тен 3 % төлеу қажет. 01.01.2016 жылғы АЕК (айлық есептік көрсеткіш) 2121 теңгені құрайды.

Мемлекеттік баж салығын жеке банктік операцияларды жүзеге асыратын банктар немесе ұйымдарға аудару арқылы төленеді.

Мемлекеттік баж салығын мына есепке аудару қажет ҚБК 108126.

Салтанат КЕНЕСПАЕВА,
Айыртау аудандық сотының мұрағат меңгерушісі.

Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған жанұяға ықпал ету үшін мемлекеттік бюджет қаражатынан әралуан әлеуметтік жәрдемақылар төленіп, стационарлық және жартылай стационарлық мекемелерде, үйдегі күтім жағдайларында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Көптеген ата-аналар өз баласын оның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып айналысатын білікті мамандарға беруге жүресінеді де өз балаларын үй жағдайында, ешқандай тиісті тәжірибесіз тәрбиелейді. Мүгедектің бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға ықпал ету үшін білікті мамандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында психологиялық көмек көрсетіп, кеңестер беретін онлайн қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылды.

Бұл қызметтің негізгі міндеттері жанұяда психологиялық денсаулықты сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық климат жасау және мүгедек бала тәрбиелеп отырған тұлғаларға психологиялық қызмет көрсету болып табылады.

Аталмыш қызметті ұйымдастыруға бастамашы болған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК және «Қазақстан Ресей медициналық университеті» ФОО.

Қызмет тек мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналармен жұмысты жүзеге асырады.

Қызмет көрсету скайп арқылы тегін жүзеге асырылады, сондықтан интернетке қолжетімділік пен скайптың болуы міндетті.

Егер жанұяңызда мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиеленіп жатса және психологиялық қолдау қажет болған жағдайда 1411 нөміріне хабарласып, жәрдемақы алушының ЖСН атаңыз, содан кейін диспетчердің нұсқауымен өзіңізге қолайлы уақытта кеңес алатын кеңес келісіңіз.

Университеттің кеңесшілеріне қосылу үшін І-кми мекенжайын теріңіз.

Ерлан ҚАЗБЕКОВ,
ауданының жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде көлесі іс-әрекеттер ұсынылады:

Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау. Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету. Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау. Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.

Жанұядағы көрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу.

Жоғары деңгейде ұсынылады:

Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.

Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын ескерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту.

Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсыналады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезексіздігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.

Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актісі жасалған орында дүрбелендікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау.

Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛ»

110

- егер сізге терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру және ұйымдастыру туралы;
- радиалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағымдарды жақтаушыларды жалдау, қаруландыру, оқыту фактілері туралы;
- терроризм және діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату туралы мәлім болса

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Саумалкөл қазақ орта мектебі жанындағы мектеп-интернатының ұжымы Күлібекова Гүлзада Қайыржанқызына анасының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА
Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.